

13.09.19. ж.

«Елім деп елжіреген жүрегі» кітап көрме-портрет

Абонемент бөлімде ақын, жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Б.Майлиннің 125 жылдық мерейтойына арналған «Бейімбет Майлин - жазушы, қазақ әдбиетінің классигі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жүргізілді.

Мақсаты: жазушының өмірі мен шығармашылығын, әдеби қызметін таныстыру.

Ол 1894 жылдың 15 қарашасында Торғай облысының Дамбар болысында туған. Б. Майлин бірнеше әңгімелердің, повестердің, поэмалардың фельетондар мен очерктертердің, 25 пьесаның, либретто мен сценарийлердің авторы.

Б.Майлин шығармашылық жолын өмір жайлы, әділетсіздік пен еңбекші халықтың ауыр жағдайы бейнеленген поэзиялық еңбектерін жазумен бастаған. Оның шығармаларында адамның рухани жан-дүниесін ашып көрсетіп, қоғам өміріндегі қарама-қайшылықтарды, колхоз құрылысындағы асыра сілтеушіліктерді шебер бейнелеген. Ақынның сан қырлы талантының, өмірлік шыншылдығының, қазақ тарихын, поэзиясын, қазақ тілін жете меңгерушілігінің, өмір тәжірибесінің арқасында Б.Майлин қазақ әдебиетінің төрінен орын алды. .

Б. Майлин бірнеше әңгімелердің, повестердің, поэмалардың, фельетондар мен очерктертердің, 25 пьесаның,

либретто мен сценарийлердің авторы. Көрмеге 23 кітап қойылды.

